

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор
профессор Н.О.Дулатбеков

Ғылыми Кеңестің шешімі
Аттыма № 16 күнінен



ЕМТИХАН МАТЕРИЛДАРЫ

(бейіні бойынша сұрақтар және эссе тақырыптары)

D060-Филология

білім беру бағдарламалары тобы бойынша

Қарағанды қ., 2026ж.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 173 б.
2. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. –А., 2003.
- Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003. – 140 б.
3. Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Қазақ тілі тарихын дәуірлеу мәселелері: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – 101 б.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп. 1988. – 264 б.
5. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. –Алматы: Ғылым, 1966.
6. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: Ғылым, 1974. – 197 б.
7. Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды, 1998. -158 б.
8. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991.-256 б.
9. Шәукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.-112 б.
10. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002. – 784 б. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы. 2003.
11. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. –Алматы, 2002.

Эссе тақырыптары:

1. Филолог маманының ХХІ ғасырдағы жаңа міндеті мен құзыреті
2. Тіл мен мәдениет: ұлттық болмысты сақтаудағы тілдің рөлі
3. Цифрлы дәуірдегі тіл: интернет тілінің филологиялық талдауы
4. Филология мен жасанды интеллект: мүмкіндік пен шектеулер
5. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы мен даму болашағы: лингвистикалық және әлеуметтік аспектісі
6. Қазақ тілі – ғылым тілі
7. Лингвистикалық сараптама қажеттілігі
8. Интернет қоғамдағы қазақ тілінің қолданысы
9. Жазылым және айтылымдағы қате қолданыстар
10. Қолданбалы тіл білімі жайында

Емтихан сұрақтары:

1 блок - теориялық

1. Терминжасам теориясы мен практикасы. Термин терминтану ғылымының зерттеу объектісі ретінде.
2. Терминтану: терминдік лексика, терминқор, термин дефинициясы. Термин ұғымын дефинициялау мәселесі.
3. Шетелдік лингвистика терминдерінің тілдік табиғаты. Лингвистикалық терминжүйедегі грек-латыннегізді терминдік элементтер.

4. Лингвистикалық терминологияны біріздендіру бойынша терминографиялық жұмыс. Терминография және терминологиялық сөздік жасау мәселелері.
5. Терминологиялық сөздіктер, олардың түрлері мен құрылымы. Лингвистикалық терминдердің сөздіктерде берілуі.
6. Қазақ эпосындағы уақыт пен кеңістік
7. Терминжасамның терминдену тәсілі. Термин жасаудың модельдері (үлгілері). Терминологиялық лексиканың терминденуі мен детерминденуі.
8. Шет тілдерден термин алу үдерісі. Транслитерациялау. Транскрипциялау. Калькалау.
9. Номинацияның /альтернативті/ басқа да балама тәсілдері. Аталым, атау (номинация) құбылысы мен тәсілдері.
10. Терминологиялық аталым, терминологиялық өріс пен жүйе. Қазіргі терминжасам принциптері мен тәсілдері.
11. Орхон-Енисей ескерткішінің тілдік ерекшеліктері
12. Мәтін ішіндегі мәтін және оның типтері
13. Аллюзия және реминисценция құбылыстарының ортақ белгілері мен айырмашылықтары
14. Тілдік тұлға құрылымы (Ю.Н. Караулов)
15. Тілдік тұлғаның интертекстуалды құрылымы (Г. Денисова)
16. Тілдік тұлғаның қалыптасуы жөніндегі пікірлер сабақтастығы (А. Байтұрсынұлы мен Ю.Н. Караулов)
17. Арнайы лексика: термин түзудегі пуристік бағыт
18. Тілдің публицистика стилінде тоғысатын қызметі
19. Тіл мәдениетінің негізгі нормалары, қатаң және босаң нормалар
20. Ғылыми стиль мәтіндерінің лексикалық қабаты және арнайы лексика

2 блок - практикалық

1. *Көне түркі тіліндегі жалғаулардың қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.* 1. Темір қапығқа тегі сүледім. – Темір қақпаға дейін соғыстым. 2. Ирғару Иір Байурку йіріңе тегі сүледім. – Терістікте Байырға жерге дейін соғыстым. 3. Бунча йірке йорытдым. – Сонша жерге соғыстым.
2. *Сөйлемдерге фонетикалық, морфологиялық талдау жасап, ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстырыңыз.* 1. Бір тойын башы ағрыса қамұғ тойын башы ағрымас. – Бір дін басының басы ауырса, баолық дін басының басы ауырмас. 2. Ол аңар сув құйұшды. – Ол оған су құйысты. 3. Ол меңе иығаш қыйышды. – Ол маған ағаш қиысты.
3. *Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан дыбыстық айырмашылығы бар сөздерді топтап салыстырыңыз.* Тоғыз оғуз беглері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда! – Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! 2. Алтун, күмүш, ісігті, қутай буңсыз анча бірүр табғач будун сабы сүчиг, ағысы йумчак ерміс. – Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді.
4. *Есімдіктердің қалыптасу тарихына талдау жасаңыз.* 1.Өзүм тардуш будун үзе шад ертім. - Өзім тардұш халқына уәзір едім. 2.Мен аны емлеттім. - Мен оны емдеттім. 3. Ол йағықа толұм анұтты. - Ол жауға (қарсы) қару-жарак дайындады.

5. *Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетіңіз.* 1. Асығыс, суыт жүріспен келе жатқан жалғыз атты жүргінші енді ғана желісін бәсеңдетіп, тақап қалды. 2. Күлкі аяғын Әйгерім Зылиқа жаққа бұрып, кірген қонақтарға қымыз әкелуге бұйырды. 3. Шақырғандар үйге келмеген соң, Ербол үйіне қайтты. 4. Абай үйге кіргенде, Әбіш конверттегі бар қағазды оқып шыққан еді (М.Ә.).

6. *Атаулы сөйлемдерді мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.* 1. Күз. Кәдуілгі қарбалас жабдықтың қабынған уағы. (Ғ.М.). 2. Жазғы кеш. Түнгі Алматы. Меңтай жалғыз өзі жатақхана алдындағы саябақта отыр. (Ә.Н.). 3. Жаз. Түн. Тыныштық. Тыныштықты бұзған Аяужанның нәзік үні болатын. 4. Әдемі ғимарат. Зәулім үй. Қайнап жатқан құрылыс ішінде менің Аяужаным да жүр. (І.Е.). 5. Қаһарлы қыс. Ызғарлы аяз. Желтоқсанның ұзақ түні жанталаспен өтті.

7. *Сөйлемнен үйірлі мүшелерді тауып, олардың сөйлемнің қандай мүшесі болып тұрғандығын ажыратыңыз.* 1. Мойны ұзын жігіт есік қағып, кіруге рұқсат сұрады. 2. Жаз шыға Абай көңлі бар дүниенің дырдуынан, бар адамның реніш, қуанышынан оқшау кеткен, оңашаланып кеткен бір өзгеше құпия сырдың соңында еді. 4. Аты жүйрік қуғыншылар созылып жалғыз-жалғыздап жететін. (Ә.Н.).

8. *Мәтіннен жақты және жақсыз сөйлемдерді анықтаңыз. Олардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.* 1. Хамит бос қолымен бандының жағына қойып жіберіп, жұлып алды. 2. Екеуі енді сіресіп, таласып, ұстасып тұрды. (С.С.). 3. Қызының атын естімеуге тура келді. 4. Қаңғалақтап ел қыдырып жүріп бір күні ол Ожар Оспанның үйіне түсті. 5. Аттарын тұсап жібермей шылбырдың бір ұшын қолында ұстап жатуға мүмкін емес еді. (М.Ә.).

9. *Сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратыңыз, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз. Тыныс белгісін қойыңыз.* 1. Жанында тұрған баланың бәрі де өзінен туғандай Жанат ағай әрқайсысын жылы жүз жұмсақ сөзбен еркелетеді. (Т.Әбд.). 2. Өзін елемеген адамды бірінші рет көріп Нұрбике ақ боз үйде ызаланып тұрғанда хан қонақтарын бастап ішке кірді (І.Е.). 3. Қодардан хабар болмағалы мазасызданып ойы сан-саққа жүгірген (М.Ә.). 4. Бекен қанша қомағайланып қалғытқанымен мол май оның жүрегін лезде қайтарып тастады (С.М.). 5. Кімнің жерін жерлесен соның жырын жырлайсың. (М.Ә.).

10. *Қажетті тыныс белгілерін қойып, оның себебін түсіндіріңіз.* 1. Осы күнге шейін мен сізден анықтап сұрап білмеппін Евгений Петрович. 2. Абай Баймағамбетке Бұл ауылға түспей-ақ өтеміз деді. 3. Қарағым қолқаң базарлық болса осы арбадағы тәттінің бәрі сенікі болсын. 4. Екінші кісісі Мамайдан шыққан Ақылбайдың өзімен түйдей құрдас бала жігіт Мамырқаз. 5. Ал төбе биге Асылбекке беруге Керей қарсы (М.Ә.).

11. Тілдік тұлғаның танымдық базасы мен танымдық кеңістігінің түрлілігі коммуникативтік барьер (кедергі) туғызатынын нақты мысалмен дәлелдеңіз.

12. А. Байтұрсынұлы мен Ю.Н. Караулов пікірлеріндегі үндестікті анықтаңыз.

13. Тілдік тұлға құрылымының прагматикалық деңгейіне тән тілдік құралдарды атап, мысал келтіріңіз.

14. Тілдік тұлғаның интертекстуалды құрылымының перифериясы оның ең өзгергіш бөлігі екенін дәлелдеңіз.

15. Эпиграф көркем мәтінді интерпретациялау бағыты екенін көрсетіңіз.

16. Концептуалды метафоралар, негізінен, гуманитарлық ғылымдарда жиі қолданылатынын дәлелдеңіз.
17. Аудармадағы ұлттық реалия мәселелеріне талдау жасаңыз.
18. Тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің экспрессивтік қызметін мысалдар арқылы анықтаңыз.
19. Әдебиеттанудағы феминистік бағыт туралы пікір білдіріңіз және мысал келтіріңіз.
20. Сөйлемдерге фонетикалық, морфологиялық талдау жасап, ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстырыңыз.

3 блок – жүйелік түсінік

1. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың тиімділігі
2. Жалпыланған эксперименттік дағды қалыптастыру технологиясы: орны, құрылымы, пайдалану әдістемесі, мысалы
3. Білімді толық игеру технологиясы. Теориялық білім жүйесінің құрылымдық элементі. Жалпы сипаттағы жоспар
4. Ғылыми түсінікті қалыптастырудың логикалық негізі. Ұғымның классикалық анықтамасының құрылымы. Ұғымның көлемін анықтаудағы, бөлудегі ереже мен типтік қате
5. Оқу сабағының үштұғырлы мақсатын тұжырымдау. Мысал.
6. Оқытудағы Кембридж тәсілінің теориялық негіздері
7. Рефлексивті оқытудың мәні
8. Құзыреттілік түрлері және оны дамыту жолдары
9. Блум таксономиясының құрылымы мен жүйесі
10. Лингвистикалық білім беру саласындағы тіл саясаты.
11. Тілді оқытудың инновациялық технологиясы мен белсенді әдістердің мүмкіндіктері
12. Тілдік қатынас негіздері және оқытудағы маңыздылығы
13. Жазбаша және ауызша сауалнама: мақсаты, әдістемесі, жүргіз уәдісі, мысалы
14. Қазақ тілін оқытудың логикалық негіздері
15. Қазақ тілін оқытудың танымдық-гносеологиялық негіздері
16. Қазақ тілін оқытудың акмеологиялық негіздері
17. Қазақ тілін оқытудың аксиологиялық негіздері
18. Оқушының жақынарадағы даму аймағы (ЖАДА)
19. Монологтік және диалогтік оқытудың ерекшеліктері
20. Жоғары білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылатын дәрістің кейбір түрлері. Бинарлық дәріс